

**АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ
«АУДАРМА ІСІ» МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША АРНАЙЫ ПӘНДЕР
ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ
АРАСЫНДА ҚАЛАЛЫҚ БАЙҚАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

2023 жылғы 17 мамырда Әл-Фараби атындағы «Оқушылар сарайы» Атом энергиясы жөніндегі ақпараттық орталығының базасында Астана қаласы колледждерінің «Аударма ісі» мамандығының оқытушылары мен студенттері арасында дәстүрлі қалалық конкурстар өткізілді.

Конкурсты өткізудің мақсаты-«Аударма ісі» мамандығының оқытушылары мен студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту және студенттердің аудиториядан тыс және бос уақыттағы қызметінде тілдің қолданылуын кеңейту.

Байқау арнайы пәндер оқытушыларына арналған «LinguaPro» және студенттерге арналған «The way to language» зияткерлік ойыны бағыттары бойынша өткізілді.

Конкурстық жұмыстарды тәуелсіз сарапшылар:

- Давлетбаева Р.К., Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК әдіскері;
- Байтурина У.Ж., доцент, Еуразиялық гуманитарлық институттың Шет тілдері кафедрасы меңгерушісінің орынбасары;
- Надим К.А., «Eager Beaver» оқу орталығының директоры;
- Алиев С.А. Қазақстан ИТАЭ филиалының директоры, информатика магистрі;
- Задорожная Л.А., филология кафедрасының оқытушысы, М.В. Ломоносов атындағы ММУ Қазақстандық филиалының тәрбие жұмысы секторының меңгерушісі тарапынан бағаланды;

«Аударма ісі» мамандығының арнайы пәндер оқытушыларына арналған «LinguaPro» бейнесабақтар байқауы келесі өлшем шарттар бойынша бағаланды: инновация, мазмұны, сабақ құрылымының мақсатқа сәйкестігі, педагогтің тілдік дағдыларды дамыту қабілеті және т. б.

Студенттерге арналған «The way to language» зияткерлік ойыны 6 турдан тұрды: ағылшын тілін білу, салыстырмалы көркем аударма, логикалық тапсырмаларды шешу және т. б.

«LinguaPro» педагог бейнесабақтарының конкурстық материалдарын сараптау нәтижелері бойынша келесі жеңімпаздар анықталды:

- I дәрежелі Диплом** - Дәуренқызы А., Басқару колледжінің оқытушысы;
- II дәрежелі Диплом** - Әмірова Л.Б., Еуразия Гуманитарлық Институтының Жоғары колледжінің оқытушысы;
- III дәрежелі Диплом** - Қаскенов А.С., Қазақстан Швейцария - Америка колледжінің оқытушысы;
- III дәрежелі Диплом** - Қайржанова Е.Р., Еуразия Гуманитарлық Институтының Жоғары колледжінің оқытушысы.

«The way to language» зияткерлік ойынына «Аударма ісі» мамандығы бойынша кадрлар даярлайтын колледж студенттерінің 5 командасы қатысты:

- «Қазақстандық Швейцария-Американдық колледж» ЖШС;
- «Басқару колледжі» ЖШС;
- Еуразиялық гуманитарлық институттың жоғары колледжі;
- «Астана қаласындағы Д.А. Қонаев атындағы колледж» мекемесі;
- «Қазақстандық Халықаралық Лингвистикалық Колледж» ЖШС.

Интеллектуалды ойынның қорытындысы бойынша келесі жеңімпаздар анықталды:

I дәрежелі Диплом - Еуразия гуманитарлық институтының Жоғары колледжінің , жетекшілері Қайржанова Е.Р., Амирова Л.Б.;

II дәрежелі Диплом - Қазақстандық Швейцария-Америка колледжінің «Starlight» командасы, жетекшісі Қаскенов А.С.;

III дәрежелі Диплом - Қазақстандық Халықаралық Лингвистикалық колледждің «Хирон» командасы, жетекшісі Тунгатарова А.Е.

Техникалық және кәсіптік
білім беру бөлімінің
әдіскері Н.Исина

